

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 2 (2022)

ПАВЛОДАР

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/UMYC5887>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора
Ответственный секретарь

Ксембаева С. К., *к.п.н., доцент*
Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Жуматаева Е.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Абибулаева А. Б.	<i>д.п.н., профессор</i>
Мирза Н. В.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Фоминих Н. Ю.,	<i>д.п.н., профессор (Российская Федерация)</i>
Снопкова Е. И.,	<i>к.п.н., доцент (Беларусь)</i>
Кудышева А. А.,	<i>к.п.н., ассоц. профессор</i>
Оспанова Н. Н.,	<i>к.п.н., доцент</i>
Оралканова И. А.,	<i>PhD доктор</i>
Омарова А. Р.,	<i>технический редактор</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

МАЗМҰНЫ

БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ,
IT-ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Алимова Ж. С., Оспанова Н. Н., Даутова А. З. Бұлтты технологияларды білім беру процесіне енгізу туралы	15
Аязбаева Ә. М., Алдабердықызы А., Герфанова Э. Ф., Есенова Н. Б., Оспанова Ф. Ә. Шет тілін оқытудағы мобильді қосымшалар мен онлайн платформалар	28
Досполова Г. У., Токмырзаева Г. Е., Ескараева А. Д., Есенова Р. К. Болашақ мұғалімдердің жобалау дағдыларын қалыптастыру туралы мәселе	41
Ибраймова Л. Ә., Молдағали Б., Сүлейменова Ж. Н. Мемлекеттік тілді шетел тілі ретінде үйретуде қолданылатын интернет-ресурстар жүйесі	52
Кантаева Г. Г., Балтынова А. Ш. Жаңа педагогикалық технологияларды қолдану негізінде тұлғаның әлеуметтік-мәдени құзіреттілігін қалыптастыру	64
Қияқбай Н. Б., Жуманбекова Н. З. Оқу жобасы арқылы тілдік дағдылар мен тілдік тұлғаны дамыту	76
Токжигитова Н. К., Дарибаева К. С. Python тілінде программалау бойынша білім беру жетістігін мульти-критериялды бағалаудың құрылымы	88

ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

Балтабаева Н. С., Панзабек Б. Т. Қазақ әдебиетін оқытудағы көшбасшылықтың рөлі	98
Ердембекова Д. А., Булшекбаева А. И., Искакова М. О., Кариев А. Д. Реджио Эмилия әдістемесі арқылы мектепке дейінгі балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту	108
Мырзашева А. Н., Идрисов С. Н., Шаждекеева Н. Қ., Барсай Б. Т., Ахмурзина Т. Н. Математиканы оқыту процесінде этноматематикалық есептерді құрылымдау	121

<https://doi.org/10.48081/RVUW1351>

***Н. К. Токжигитова¹, К. С. Дарибаева²**

^{1,2}Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

PYTHON ТІЛІНДЕ ПРОГРАММАЛАУ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ ЖЕТІСТІГІН МУЛЬТИ-КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Білімді заманауи модернизациялауда жетекші орынды оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау процестері алады. Білім берудің құзыреттілік парадигмасы аясында бағалау оқушылардың талдау, шешімдерді негіздеу, жаңа білімді генерациялау қабілетіне бағытталған.

Программалау бойынша оқытуда оқу бағдарламасына енгізілген негізгі құзыреттіліктер бойынша оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау процесі маңызды орын алады. Бағалаудағы ең негізгі мәселе – бағалаудың субъективтілігі болып табылады. Бағалауда, жалпы бағалауда нақты критерийлердің жоқтығы және бағаның төмен немесе жоғары болуының нақты себебі неде екендігі туралы конструктивті ақпараттың болмау мәселесі ертерек шешім қабылдауды талап етеді. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау мәселесін меңгеру нәтижелерінің мульти-критериалды бағалауын қалыптастыру арқылы шешуге болады.

Python тілінде программалау мысалында оқушылардың оқу жетістіктерін мульти-критериалды бағалауды қолданудың моделі мен әдістерін сипаттау үшін оның (а) құрылымын, (b) логикалық ұйымдастырылуын, (c) әдістерін және d) білімді педагогикалық бақылау саласында қолдану құралдарын анықтау қажет.

Бұл мақалада оқу жетістіктерін мульти-критериалды бағалау әдісінің құрылымы, Python тілінде программалау бойынша оқу нәтижелері, «Python программалау тілінде файлды оқу және жазу» критерийі бойынша Python программалау тілінде білімдер жиынтығы қарастырылады.

Кілтті сөздер: мульти-критериалды бағалау, оқу нәтижелері, критерий, Python тілінде программалау, қалыптастырушы бағалау, жиынтық бағалау.

Кіріспе

Білім беру саласы әртүрлі аспектілерде оның ағымдағы жағдайын бағалауға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштерінің жиынтығымен бейнеленеді. Осы ретте орта білім беруді бағалау жүйесіндегі маңызды көрсеткіштердің бірі оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейі болып табылады. Бұл деңгей мектепте білім беру іс-әрекеті қалай жұмыс істейтіні және дамитыны, сонымен қатар оқушыларға қалай әсер ететіні, олардың тиімділігі туралы ақпарат береді.

Сондықтан әр түрлі деңгейлерде (оқушы, сынып, мектеп, аудан/қала, облыс, ел) қабылданатын шешімдердің сапасы, білім беру процесіндегі одан арғы қадамдар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесінің қаншалықты сапалы құрылғанына байланысты. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі функционалдық сауаттылықты дамытуға ықпал ететін жетекші факторлардың бірі болып табылады. Бағалау үдерісі оқу процесіне қатысты тек бақылаушы элемент болып қана қоймай, оқытудың маңызды бөліктерінің біріне айналды.

Зерттеудің мақсаты – оқыту нәтижелерін мульти-критериалды бағалауға сәйкес келетін оқыту және бақылау принциптерін анықтау арқылы Python тілінде программалауды сапалы оқытудың критерийлерін анықтау.

Материалдар мен әдістер


Мульти-критериалды бағалау білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың негізгі міндетін шешуге бағытталған, яғни тестілеу кезінде оқытудың осы кезеңінде білім алушының дайындық деңгейінің күтілетін (стандартты) нәтижеге сәйкестік (немесе сәйкессіздік) фактісін анықтау мәселесін шешуге бағытталған. Оқу пәнінің/оқу сабақтарының мазмұндық құрылымы (у векторы) мульти-критериалды бағалаудың концептуалды компоненті болып табылады.

Алға қойылған мақсатқа сәйкес пәнді меңгеру барысында оқу нәтижелері қалыптасып, білу, білу және түсіну оқу дағдыларына аударылуы керек (x векторы). Олар мульти-критериалды бағалаудың операциялық компонентін анықтайды. Ал мульти-критериалды бағалаудың логикалық компонент ретінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау формалары (қалыптастырушы бағалау, бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсан бойынша жиынтық бағалау, қорытынды бағалау) (z векторы) бар.

Критерийлер келесі принциптер бойынша құрылуы мүмкін:

- төмен жетістіктерді жоғары жетістіктерден ажырататын критерийлер;
- негізгі қызығушылық топтарының артықшылықтарын көрсететін критерийлер.

Әдетте, бастапқыда 6–20 критерий ерекшеленеді.



Сурет 1 – Оқу жетістіктерін мультикритериалды бағалау әдісінің құрылымы

Критерийлер жиынтығы толықтық, қажеттілік, жеделдік қасиетіне ие болуы, критерийлерге қатысты артықшылықтардың тәуелсіздігін көрсетуі керек. Бұл ретте критерийлер тым көп болмауы керек және қосарлы санаудың болмауын қамтамасыз ету қажет.

Ұпайлар 10 баллдық жүйе бойынша қойылады. Ең нашар нұсқаға 0, ең жақсысына 10 қойылады.


Сонымен, оқу жетістіктерін мульти-критериалды бағалау әдісінің құрылымы белгілі бір пән бойынша білім алушылардың игеретін білім, білік және дағдының параллель жиынтығы болып табылады (1-сурет). Бұл жиынтықтарды торлар ретінде қарастыруға болады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Оқушылар арасында Python тілінде программалауда 6-8 сыныптар аралығындағы білім қорын қалыптастыру мысалын (1-кесте) пайдалана отырып, оқушылардың игерген оқу нәтижелерінің жиынтықтары туралы тұжырымы түсіндіріледі.

Кесте 1 – Python тілінде программалау бойынша оқу нәтижелері

Критерийлер	Бағалау	
	Бастапқы деңгей	Базалық деңгей
C1: IDE интерфейсін пайдалану. Мәліметтер типтерін жіктеу	X1	X2
C2: Арифметикалық өрнектердің жазылу ережелері. Мәліметтерді енгізу мен шығаруды ұйымдастыру	X3	X4
C3: Python программалау тілінде сызықтық алгоритмдерін жазу.	X5	X6
C4: Python программалау тілінде файлды оқу және жазу	X7	X8
C5: Python программалау тілінде тармақталу алгоритмдерін жазу. Таңдауды ұйымдастыру	X9	X10
C6: Python программалау тілінде кірістірілген және құрамды шарттарды пайдалану	X11	X12
C7: Практикалық есептерді шешу үшін сұрыптау алгоритмдерін енгізу	X13	X14
C8: Бір өлшемді және екі өлшемді массивтерді пайдаланып, Python программалау тілінде (python) бағдарламалар жасау	X15	X16
C9: Циклды басқару нұсқауларын қолдану (continue (контину), break (брик), else (элс))	X17	X18



а) қалыптастырушы бағалау; в) бөлім бойынша жиынтық бағалау.

Сурет 2 – Оқу жетістіктерін мульти-критериалды бағалау әдісінің құрылымы

Оқу жоспарларының сапасын бағалау кезінде оқушылардың жоспарланған зерттеу жұмыстарын ескеру қажет [2], яғни барлық пәндер бойынша оқу жетістіктерін бағалауда оқушылардың орындаған зерттеу жұмысының деңгейі жоғары мәнге ие болады. Оқу нәтижелерін меңгеру деңгейін бағалауды шығару үшін шешім қабылдау әдісін таңдау кезінде

балама ретінде иерархияларды талдау әдісі [3], пайдалылық теориясының әдістері [4, 5] қарастырылды.

«Python программалау тілінде файлды оқу және жазу» критерийі бойынша Python-да программалау білімдер жиынтығының классификациясын қарастырайық (2-кесте).

Кесте 2 – «Python программалау тілінде файлды оқу және жазу» критерийі бойынша Python программалау тілінде білімдер жиынтығы

Концептуалды компонент	Операциялық компонент		
	9-10б	7-8б	5-6б
Файлдармен жұмыс	деректерді енгізу, өңдеу, нәтижені шығару	деректерді енгізу, өңдеу	деректерді енгізу
Файлды жасау және ашу	екі түрлі әдісті қолдану, Open() функциясының режимдері	бір әдісті қолдану, Open() функциясының режимдері	бір әдісті қолдану
Режим түрі: 'r'	файлды мәтіндік режимде ашады (үнсіз келісім бойынша), кіру файлын жасауда қолдану, тапсырманың толық кодын жазғанда қолдану	файлды мәтіндік режимде ашады (үнсіз келісім бойынша), кіру файлын жасауда қолдану	файлды мәтіндік режимде ашады (үнсіз келісім бойынша)
Режим түрі: 'w'	жаңа файл жасап, оған деректі жазады, кіру файлын жасауда қолдану, тапсырманың толық кодын жазғанда қолдану	жаңа файл жасап, оған деректі жазады, кіру файлын жасауда қолдану	жаңа файл жасап, оған деректі жазады
Режим түрі: 'a'	алдын ала жазылған файлды ашып, ондағы жазбалардың соңына жаңа деректер жазады, шығу файлын жасауда қолдану, тапсырманың толық кодын жазғанда қолдану	алдын ала жазылған файлды ашып, ондағы жазбалардың соңына жаңа деректер жазады, шығу файлын жасауда қолдану	алдын ала жазылған файлды ашып, ондағы жазбалардың соңына жаңа деректер жазады
Режим түрі: 'b'	файлды екілік (бинарлық) режимде ашады, файл жасауда қолдану, тапсырманың толық кодын жазғанда қолдану	файлды екілік (бинарлық) режимде ашады, файл жасауда қолдану	файлды екілік (бинарлық) режимде ашады

Режим түрі: 't'	файлды мәтіндік режимде ашады (үнсіз келісім бойынша), кіру файлын жасауда қолдану, тапсырманың толық кодын жазғанда қолдану	файлды мәтіндік режимде ашады (үнсіз келісім бойынша), кіру файлын жасауда қолдану	файлды мәтіндік режимде ашады (үнсіз келісім бойынша)
Режим түрі: '+'	файлды оқу мен жазу үшін ашады, файл жасауда қолдану, тапсырманың толық кодын жазғанда қолдану	файлды оқу мен жазу үшін ашады, файл жасауда қолдану	файлды оқу мен жазу үшін ашады
Файлды қолдану функцияларымен жұмыс	Readline() функциясы, seek() функциясы, '\n' әдісі	Readline() функциясы, seek() функциясы, '\n' әдісі	seek() функциясы

Бағалаудың әр кезеңінде оқушылардың нәтижелерін мульти-критериалды бағалауды ұйымдастыру үшін «Python программалау тілінде файлды оқу және жазу» критерийі бойынша тапсырмалардың кейбір түрлерін қарастырайық (логикалық компонент) [6].

Қалыптастырушы бағалау – оқушылардың басқа таныс жағдайда алынған ақпаратты есте сақтау, түсіну және қолдану деңгейі бағаланады.

- файлдарға жазбаларды қосу режимін пайдалану;

- Кіру файлында математикалық өрнектерді жазып, нәтижесін Шығу файлына шығару;

- мәтіндік файлдағы мәліметті seek(), read() функцияларын қолдану арқылы өзгерту және т.б.

Жиынтық бағалау – оқушылардың бейтаныс жағдайда ақпаратты талдау және тексеру қабілетінің деңгейі бағаланады.

- Кіру файлын жасау кодымен тапсырманың толық кодын бір программа кодына біріктіруге бола ма?

- программа кодында write() әдісінің орнына print() функциясын қолдануға бола ма?

- жолдық командалар read() пен input()-ті қолдануда қандай айырмашылық бар?

- берілген сандардың арифметикалық ортасын табу;

- Шығу файлында фигураның кескінін беру және т.б [7].

Қорытынды

Осылайша, Python программалау тілінде программалауды оқытуда оқушылардың оқу нәтижелерін мульти-критериалды бағалау құрылымы сипатталды. Жалпы алғанда, білім беру үдерісінде белгілі бір құзыреттерді

менгеру проблемалық жағдайларды шешу нәтижесімен де (осы нәтижелерге қол жеткізудің табыстылығының алдын ала әзірленген критерийлеріне сәйкес), оларды қолдану, пайдалану процесінің өзінде де, сондай-ақ белгіленген критерийлер бойынша бағалануы мүмкін.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Anderson, L. W., Krathwohl, D. R.** A taxonomy for learning, teaching, and assessing. – New York : Longman, 2001.

2 **Havas, F., Keramati, M. R., Ahmadi, A.** The quality curriculum evaluation in postgraduate studies of Educational Management and Planning in the public Universities of Tehran City // *Procedia Social and Behavioral Sciences*. – 15 (2011). – P. 3723–3730.

3 **Voronin, A.** Multicriteria evaluation and optimization of hierarchical systems / *International Journal «Information Theories & Applications»*. – Vol. 15. – 2008. – P. 108–114.

4 **Подиновский В.В., Ногин В.Д.** Парето-оптимальные решения многокритериальных задач. – М. : Наука, 1982.

5 **Erkan, T. E., Rouyendegh, B. D.** Curriculum Change Parameters Determined by Multi Criteria Decision Making (MCDM) // *Procedia – Social and Behavioral Sciences*. – 116. – 2014. – P. 1744 – 1747.

6 **Нурбекова, Ж. К., Пина, А., Токжигитова, Н. К.** Болашақ информатика мамандарын визуалды программалау бойынша сапалы оқытудың критерийлерін анықтау мәселелері : ПМУ Хабаршысы, Педагогикалық сериясы № 1. – 2018. – 259 б.

7 **Мэтиз, Э.** Изучаем Python. Программирование игр, визуализация данных, веб-приложения. 2-е изд. – СПб. : Питер, – 2017. – 496 с.

8 **Седжвик, Р., Уэйн, К., Дондеро, Р.** Программирование на языке Python: учебный курс: Пер. с англ. – СПб. : ООО «Альфа-книга». – 2017. – 736 с.

9 **Сэнд, У., Сэнд, К.** Hello World! Занимательное программирование. – СПб. : Питер, 2016. – 400 с.

10 **Хахаев, И. А.** Практикум по алгоритмизации и программированию на Python. – М. : Интуит, – 2016. – 178 с.

REFERENCES

1 **Anderson, L. W., Krathwohl, D. R.** A taxonomy for learning, teaching, and assessing. – New York : Longman, 2001.

2 **Havas, F., Keramati, M. R., Ahmadi, A.** The quality curriculum evaluation in postgraduate studies of Educational Management and Planning in the public Universities of Tehran City // *Procedia Social and Behavioral Sciences*. 15. – 2011. – P. 3723–3730.

3 **Voronin, A.** Multicriteria evaluation and optimization of hierarchical systems / *International Journal «Information Theories & Applications»*. – Vol. 15. – 2008. – P. 108–114.

4 **Podinovski V. V., Nogin V. D.** Pareto-optimalnye reshenia mnogokriterialnyh zadach [Pareto-optimal solutions to multi-criteria problems]. Moscow : Nauka, 1982.

5 **Erkan, T. E., Rouyendegh, B. D.** Curriculum Change Parameters Determined by Multi Criteria Decision Making (MCDM) // *Procedia – Social and Behavioral Sciences*. – 116. – 2014. – P. 1744 – 1747.

6 **Nurbekova, J. K., Pina, A., Tokjigitova, N. K.** Bolashaq informatika mamandaryn vizualdy programalau boiyynsha sapaly oqytudyn kriterilerin anyqtau maseleleri [Problems of determining the criteria for high-quality training of future computer science specialists in visual programming] : *PMU Habarshysy, Pedagogikalyq seriasy*. – № 1. – 2018. – 259 p.

7 **Metiz, E.** Izuchaem Python. Programirovanie igr, vizualizatsia dannyh, veb-prilojenia [Learning Python. Game programming, data visualization, web applications]. 2-e izd. – SPb. : Piter, 2017. – 496 p.

8 **Sejvik, R., Uein, K., Dondero, R.** Programirovanie na iazyke Python [Programming in Python] : *uchebnyi kurs : Per. s angl.* – SPb. : ООО «Альфа-книга», 2017. – 736 p.

9 **Send, U., Send, K.** Hello World Zanimatelnoe programmirovaniye [Hello World! Entertaining programming]. – St. Petersburg : Piter, 2016. – 400 p.

10 **Hahaev, I. A.** Praktikum po algoritmizatsii i programmirovaniyu na Python [Workshop on algorithmization and programming in Python]. – Moscow : Intuit, – 2016. – 178 p.

Материал 13.06.22 баспаға түсті.

**Н. К. Токжигитова*¹, *К. С. Дарибаева*²

^{1,2}Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 13.06.22.

СТРУКТУРА МУЛЬТИ-КРИТЕРИАЛЬНОГО ОЦЕНИВАНИЯ УЧЕБНЫХ ДОСТИЖЕНИЙ ПО ПРОГРАММИРОВАНИЮ НА ЯЗЫКЕ PYTHON

Ведущую роль в модернизации образования играет процесс обучения и оценивания достижений учащихся. В рамках парадигмы образовательной компетентности оценивание фокусируется на способности учащихся анализировать, обосновывать решения и генерировать новые знания.

Важную роль в обучении программированию играет процесс оценки уровня достижений учащихся в основных компетенциях, включенных в учебную программу. Главный вопрос в оценке – субъективность оценки. Отсутствие четких критериев при оценивании и отсутствие конструктивной информации о конкретных причинах низкой или высокой оценки требуют скорейшего решения. Проблема оценивания достижений учащихся может быть решена путем формирования мульти-критериальной оценки результатов освоения.

Для описания модели и способов применения мульти-критериального оценивания учебных достижений учащихся на примере программирования на языке Python необходимо определить его (a) структуру, (b) логическую организацию, (c) методов и (d) средств применения в области педагогического контроля знаний. В данной статье рассматривается структура метода мульти-критериального оценивания учебных достижений, результатов обучения по программированию на языке Python, совокупность знаний по языку программирования Python по критериям «Чтение и запись файла на языке Python».

Ключевые слова: мульти-критериальное оценивание, результаты обучения, критерии, программирование на Python, формативное оценивание, суммативное оценивание.

*N. K. Tokzhigitova¹, K. S. Daribayeva²

^{1,2}Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 13.06.22.

STRUCTURE OF MULTI-CRITERIA EVALUATION OF LEARNING ACHIEVEMENTS IN PROGRAMMING IN PYTHON LANGUAGE

The process of teaching and evaluating the achievements of students plays a leading role in the modernization of education. Within the framework of the educational competence paradigm, assessment focuses on the ability of students to analyze, justify decisions and generate new knowledge.

An important role in teaching programming is played by the process of assessing the level of students' achievements in the core competencies included in the curriculum. The main issue in the assessment is the subjectivity of the assessment. The lack of clear criteria for grading and the lack of constructive information about the exact reasons for a low or high score require an early decision. The problem of assessing students' achievements can be solved by forming a multi-criteria assessment of learning outcomes.

To describe the model and methods of applying the multi-criteria assessment of student learning achievements using the example of programming in the Python language, it is necessary to define its (a) structure, (b) logical organization, (c) methods and (d) means of application in the field of pedagogical control of knowledge. This article discusses the structure of the method of multi-criteria assessment of educational achievements, learning outcomes in programming in the Python language, the body of knowledge in the Python programming language according to the criteria «Reading and writing a file in the Python language».

Keywords: multi-criteria assessment, learning outcomes, criteria, Python programming, formative assessment, summative assessment.

ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ

FTAMP 17.01.45

<https://doi.org/10.48081/UITMY9931>***Н. С. Балтабаева¹, Б. Т. Панзабек²**^{1,2}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ
КӨШБАСШЫЛЫҚТЫҢ РӨЛІ**

Мақалада қазақ әдебиетін оқытуда көшбасшылықтың тиімді нәтижесіне жетудің теориялық және көп деңгейлік зерттеулеріне негізделген ақпараттар беріледі. Білім беруде оқытушының өзіне және білім алушыға әсер ететін көшбасшылық бағдарлар жұмыс тиімділігін арттыру мен шабыттандыруға, білім сапасын нығайтуға көмектеседі. Бұл зерттеу әдістері мен тәсілдері арқылы оқытуда жоғары оқу орнындағы көшбасшылық туралы білімді толықтырады. Қазақ әдебиетін оқытуда трансформацияланған көшбасшылық әдеби-құрылымдық контексте тереңірек түсінік алуға шақырады. Білім алушылардың психологиясына, үлгерім сапасына, позитивті қарым-қатынас жасауға, көркем әдебиетті оқуға, талдауға, ізденуге, тұлға қалыптастыруға көмектеседі. Көшбасшы оқытушыларға өз жұмысына нақты мақсат қоюға, адалдыққа, мотивация жасауға маңызды оң үлес қосады.

Мақалада тақырыптың өзектілігі қазақ әдебиетін оқыту арқылы көшбасшылықтың дамуы, маңызы сипатталады. Соған сәйкес қазақ әдебиетін оқыту мәселесіне, жан-жақты дамытуға әдістеме арқылы зерттеу жүргізіледі. Зерттеу барысында сипаттау, сараптау, талдау, салыстыру әдістері қолданылады. Көшбасшылықты қазақ әдебиетін оқыту арқылы білім беру қызметін талдау негізінде анықтап көрсетеді.

Білім беру саласындағы көшбасшылық тек басқарумен ғана сипатталмайтынын нақтылайды, тереңдеп зерттеуге тырысады. Қазіргі заманғы әдебиет саласындағы көшбасшылықтың негізгі

мақсаты – адамды дамытуға, жеке тұлғаны дамытуға күш салатындығы сараланады.

Кілтті сөздер: білім саласындағы көшбасшылық, қазақ әдебиетін оқыту, әдіс-тәсілдер, мотивация, өзара әрекеттестік, дамыту.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде білім берудің мақсаттары түрлі өзгерістерге сәйкес бейімделіп, реттеліп, толықтырылып отыр. Жаңа мақсатқа сай жасалған оқу құрылымы мен мазмұнында логикалық жүйелілік сақталса, нәтижесі де дұрыс болары анық. Жаңартылған білім беру мазмұнында педагог оқытушылардың үздіксіз кәсіби дамуына әсер ету, ғылыми-әдістемелік дайындығын күшейту де басты мақсат болмақ. Ал бекітілген және жаңа мақсатқа қол жеткізу үшін түрлі өзгерістер енгізуге бастама жасалатындығы анық. Білім оқу орындарына педагогикалық бағытты қолдай алатын, өз мамандығына жауапкершілікпен қарай алатын, білім алушыларды шабыттандыруға, ынталандыруға, білім беруге, қолдауға, тұлға қалыптастыруға қабілетті көшбасшылар қажет. Бұл жаңа көзқарастарға бағыттау міндетті түрде оқытушылардың бірлескен қызметтерін ұйымдастыруға алып келеді. Оған жақсырақ жұмыс істеу жеткіліксіз, жақсы көшбасшы болу керек. Жақсы көшбасшы болуға шеберлігі дамумен қатар жүретін, білімді, өз ұстанған саласының маңыздылығын білетін, ықпалды, этикалық нормаларды сақтайтын тұлға қажет. Іс-әрекетті жасау жаңа ақпаратты жинақтаудан басталып, нәтижелі шешіммен қорытындыланады, рефлексияға ұласады, өз кәсіби деңгейіне өзіндік баға бере отыра көшбасшылықтың қажеттілігі айқындалады. Пандемия кезеңі де білім берудегі өзгерістерге көшбасшы оқытушыға мұқтаж екендігін көрсетті. Қазіргі қазақ әдебиетін оқытуда білім алушыны сын тұрғысынан ойлауға, көркем шығармаға қызығушылық танытуға бейімдейді, тиімді үйрету арқылы білім алушы бойынан түрленген оқыту нәтижесін көре алады, шын мәнісінде нақты мақсатын қалыптастыра алады.

Зерттеу мақсаты: Қазақ әдебиетін оқыту арқылы жан-жақты көшбасшылықтың маңызын анықтау. Көшбасшылықтың шығармашылық қуатын, біліктілігін саралау, кәсіби дамуына ықпал ету, әдістемелік дайындығын күшейту, қазақ әдебиетін оқытуда тиімді әдістер арқылы талдау.

Зерттеу міндеттері:

1) Көшбасшылықты, қазақ әдебиетін оқытуды зерттеген еңбектердегі ғылыми пікірлерді топтастыру;

2) Қазақ әдебиетін оқытудың қазіргі таңдағы даму бағыттарын, өмірлік маңызды көшбасшылық стилін, мотивацияға, кәсіби мақсатқа әсерін саралау;